

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ атындағы
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Әскери және тактикалық-арнайы даярлық кафедрасы

АТУ ДАЙЫНДЫҒЫ

Тақырып № 2. 7,62 мм Мергендік винтовкасының арналуы, құрылымы мен ұрыстық қасиеті және қолданылуы.

Дайындаған:
ӘЖТАД кафедрасының
аға оқытушысы
Е.М. Махметов.

Кафедра отырысында талқыланды
және мақұлданды
№ _____ хаттама
20__ « ____ » _____

Қарағанды 2023 ж.

«Ату дайындығы» пәні бойынша 6В12301 «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға арналған.

Құрастырған;
Әскери және тактикалық-арнайы
даярлық кафедрасының
аға оқытушысы
полиция капитаны

Е.М.Махметов

Кафедра мәжілісінде қарастырылды
« » 20 ж. № хаттама

Әскери және тактикалық-арнайы
даярлық кафедрасының бастығы
полиция подполковнигі

Ф.Е.Бөрібай

Оқу-тәрбиелік мақсаты:

1. Курсанттарды Драгунов мергендік винтовкасының (ДМВ) құрылымы және ұрыстық қасиетімен таныстыру.
2. Курсанттарға Драгунов мергендік винтовкасын жартылай бөлшектеп, жинастыра алуды үйрету.
3. Курсанттарды атыс қаруына деген сенімділікке тәрбиелеу.

Сабақ түрі: тәжірибелік

Әдісі: әңгіме жүзінде түсіндіру, көрсету

Өткізілетін орын: атыс даярлық сыныбы

Оқулық сұрақтар:

1. Тарихи анықтамасы;
2. Мергендік винтовканың ұрыстың қасиеті мен арналуы:
 - а мергендік винтовканың механизмдері мен негізі бөлшектері және олардың атыс кезіндегі жұмысы;
3. Мергендік винтовканы жартылай бөлшектеу мен жинастыру реті;
2. Көздегіштің құрлысы. Атуға дайындалу және қалыпты атуға келтірілген мергендік винтовкадан ату.

Материалдық қамтамасыз етілуі:

- ДМВ плакаты.
- ДМВ винтовкасы-1 дана.
- ПСО-көздеу құралы-1 дана.
- 7,62мм «оқулық» патрондар -10 дана.

Әдебиеттер:

1. 1995. 30.08. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі N 199-V Заңы.
3. «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380- IV (ҚР 23.04.2014 [N 200-V](#), ҚР 29.10.2015 [№ 374-V](#) толықтырулар мен өзгертулер) заңы.
4. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби қызметтік және дене шынықтыру даярлығы мазмұнын және ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы»
5. «Қазақстан Республикасы ІІО қызметкерлерінің атыс даярлығын ұйымдастыру тәлімдемесі.
6. Нысанқұлов І.Б. «Атыс дайындығы» оқу құралы. Қарағанды, 2008
7. Нысанқұлов І.Б. «Атыс даярлығы» оқу құралы. Қарағанды, 2012
8. С.Н. Солохин Учебное пособие по огневой подготовке. «Огневая подготовка сотрудников ОВД». Алматы 2003г.
13. В.Ф. Драгунов. 7,62 самозарядная винтовка «СВД» изд, 1964. Ижевск.
14. Ф.Е.Бөрібай., Е.М.Махметов., З.Д.Хайрулла. «Атыс даярлығы». 2023.

Әдістемелік-ұйымдастыруға нұсқаулар

1. №6 «Драгунов мергендік винтовкасының (ДМВ) құрылымы және оны қолдану» тақырыбына жоспар бойынша ең аз уақыт бөлінген, екі сағат, бұл дегеніміз тыңдаушыларды осы уақыт ішінде тек қана мергендік винтовкамен таныстыру.
2. Әр сабақты дидактикалық материалдармен көрнектілеп, қажетті түрде мергендік винтовка құрылымы мен оптикалық көздеу құралының жоспар-сұлбасы болуы керек.
3. Сабақ өткізу барысында қажетті түрде оптикалық көздеу құралының көмегімен қашықтықты және биіктікті анықтауға болады. Бұл тақырып тәжірибелік түрдегі тәсілдік дайындықтың және әскери топографияның №12 және №3 тақырыбымен тығыз байланысты.

1.Тарихи анықтамасы

Снайпер (ағыл. сөзі-жасырын жерден ату) арнайы дайындалған мерген және бақылау өнерлігі жоғары деңгейдегі адам, тәртіп бойынша көздеп бір атқаннан нысанаға тигізу деген мағына.

Бірінші дүние жүзілік соғыс уақытында ағылшын әскеріндегі мергендердің даңқы шықты. Мергендердік мақсаты: шыға немесе пайда бола қалатын, сондай-ақ қозғалыстағы болмаса жысырынған жеке нысаналарды жою болып саналды. 1891 жылы сәуірден бастап Ресейде оқжатарлық (7,62мм) 3 сызықтық винтовкасы ойластырылып шығарылды. Оны 1910 және 1930 жылдары С.И.Мосин қайта өңдеп, жаңа үлгіге келтірді. Аталмыш винтовканың ұрыстық қасиеттері мен эксплуатациялық сапалылығы артты.

1930 жылы жаңа үлгіге келтірілгеннен кейін, 1891-30 жылғы үлгісінің 7,62мм винтовкасы болып аталды. 1936 жылы С.Г. Симонов жаңа винтовка құрастырып, оған көздегіш құрал орналастырып, оны арнайы мергендік винтовка деп атады. Бұл қару екінші дүниежүзілік соғыста қолданылды. Екінші дүние жүзілік соғысы жылдарында Кеңестер Әскерінің бөліністерінде мергендер дайындайтын арнайы курстар мен ұйымдар ашылған. 1943 жылы мамандардың пікірлері бойынша осы курс базаларында әйел азаматшаларды даярлайтын мектеп пен мергендік ұйымдары құрылған. Соғыс уақытында Кеңес Одағының мергендері 10 мыңдаған фашисттердің көзін жойған. 1942 жылы мамыр айында мергендерді құттықтау үшін «Мерген» деген арнаулы марапаттау белгісі тағайындалған. Көптеген мергендер Кеңес Одағының батыры және орден медальдармен марапатталған. Айтар болсақ Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлова айтуға болады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін көптеген қарулы күштері бар мемлекеттерде мергендер даярлайтын арнайы курстар ұйымдастырылған.

1949 жылы атыс қарулары жұмысымен айналысатын шебер И.А.Самайлованың жетекшілігімен ұжым бірінші мергендік ЦСВ- мергендік винтовка үлгісін құрастырды. Бірақ кейбір сапалық жағының олқылықтарынан оны спорттық винтовка деп қабылдады. Артынша Е.Ф.Драгунов, И.Е.Семенов пен В.Н.Пушин армиялық үлгі базасында С-49 мергендік винтовкасын шығарды. Кейіннен көптеген сараптамалар мен тексерулер, тұжырымдамалар өткізіп, 1963 жылы С.Ф.Драгунов өзінің мергендік винтовкасын құрастырып шығарды. Қаруға деген қызығушылығының сонымен қатар қаруды жөндеу жұмысының шебері мен

ату спортының арқасында Ефгений Феодорович Драгунов дүниежүзілік винтовка үлгісін дүниеге әкелді. Күрделі жағдайларда бұл винтовка барлық сапалық жағынан өте жарамды болып саналады. Осы винтовканы ойлап табуының арқасында Е.Ф.Драгунов лауреаттық сыйлыққа ие болды.

2. Мергендік винтовканың ұрыстық қасиеті мен арналуы.

7,62 мм Драгунов мергендік винтовкасы (1-сурет) мергеннің қаруы болып табылады және ол әр түрлі күтпеген жерден шыға келген, жылжыш келе жатқан, ашық және бүркемеленген жеке нысаналарды жоюға арналған.


Мергендік винтовкадан жүргізілетін атыс 800 м-ге дейінгі қашықтықта мейлінше тиімді болады. Атыстың көздеу қашықтығы: оптикалық көздеуіштен — 1300 м, ашық көздеуіштен — 1200 м. Ұрыстық ату жылдамдығы бір минутта 30 атысқа дейін. Сүңгі-пышақсыз, оптикалық көздеуішті мергендік винтовкасының салмағы жабдықталмаған оқжатар мен дүмі жағын қоспағанда 4,3 кг болады.

Мергендік винтовкадан атыс жүргізу үшін жай, жарқырағыш және сауыт бұзғыш-өртегіш оқтар мен винтовкалық патрондар немесе винтовкалық мергендік патрондары қолданылады. Мергендік винтовкадан ату дара атыстармен жүргізіледі. Атыс кезіндегі патрондар 10 патрон сыятын қорапша оқжатардан беріледі.


а) мергендік винтовканың механизмдері мен негізгі бөлшектері және олардың атыс кезіндегі жұмысы

Мергендік винтовкасы төмендегідей негізгі механизмдер мен бөлшектерден тұрады (2-сурет):

- ашық көздеуіш және дүм, қорапшасы бар ұңғыдан;
- қайтармалы механизмнен;
- бекітпе жақтауынан;
- бекітпеден;
- реттеуіші бар газ түтігінен, газ поршенінен және серіппелі итергіштен;
- ұңғы жабуынан (оң және сол);



1-сурет. Драгунов мергендік винтовкасының жалпы түрі.



2-сурет. Мергендік винтовкасының механизмдері: 1 — ашық көздеуіш және дүм, ұңғы қорапшасы бар ұңғы; 2 — ұңғы қорапшаның қақпағы; 3 - қайтармалы механизм; 4 - бекітпе


жақтауы; 5 - бекітпе; 6 - реттегіші бар газ түтігі; 7 - газ поршені; 8 — серіппелі итергіш; 9 — ұңғы жабуы; 10 - соққы-ағытқыш механизм; 11-тежегіш; 12-оқжатар; 13 - дүм жары;

14 - оптикалық көздеуіш; 15 - сүңгі-пышақ

- соққы-ағытқыш механизмнен;
- тежегіштен;
- оқжатардан;
- дүм жағынан;
- оптикалық көздеуіштен;
- сүңгі-пышақтан.

Мергендік винтовканың толық жинағына кіретіндер: жабдық, бау, оптикалық көздеуішке арналған қап, оптикалық көздеуіш пен оқжатарды тасымалдауға арналған дорба, майлауыш және қосалқы батарейкаларды, торларды жарықтандырудың қыстық құрылғыларын тасымалдауға арналған дорба.

Ұңғы (3-сурет) оқтың ұшуын бағыттауға арналған. Ұңғы ішінде төрт ойық бар, солдан оңға қарай жоғарыға өрілген арна, оқтың, оқ жолы және газ айдайтын саңылауы бар.




3-сурет. Ұңғы: 1 — қарауыл негізі; 2 — газ камерасы; 3 — тартпа; 4 — жоғарғы тіреу сақинасының козғалмайтын бөлігі; 5 — жоғарғы тіреу сақинасының ауыспалы бөлігі; 6 — жоғарғы тіреу сақинасының тұтықтағышы; 7 — төменгі тіреу сақинасы; 8 — ұңғы жабуы; 9 — көздеуіш қалыбы

Ұңғы арнасының калибрі — 7,62 мм. Ұңғының сырт жағында қарауыл негізі, газ камерасы, бауға арналған тартпа, ұңғы жабуының жоғары және төменгі тіреу сақиналары, көздеу қалыбы және оқталатын қиығында лақтырғыш ілмекке арналған ойығы бар.

Газ камерасы (4-сурет) ұңғыдан газ поршеніне дәрілі газдарды бағыттауға арналған. Ол саңылауы бар газ түтігінен, реттеуіштен, газ поршенінен және газ түтігінің ілмегінен тұрады. Газ камерасы ішінде ұңғы қабырғасындағы газ айдайтын саңылаумен біріктірілген еңкіш саңылау жасалған. Газ түтігінің сыртында пенал кілті үшін төртқырлы жуандық болады.

Газ поршені газ түтігінде орналасқан және дәрілі газ қысымын итергішке жіберу үшін арналған. Оның итергіштің алдыңғы ұшына арналған ұясы мен басы бар.




4-сурет. Газ камерасы: 1 — газ камерасы; 2 — газ түтікшегі; 3 — реттегіш; 4 — газ поршені; 5 — газ түтігінің ілмегі; 6 — пенал кілті үшін төртқырлы жуандық; 7 — газ поршенінің басы; 8 — итергіш үшін ұя


Серіппелі итергіш атыс кезінде бекітпе жақтауын артқа қайтаруға арналған. Онда серіппені тіреуге және итергіштің артқа қозғаласын шектеуге арналған тетік бар.

Ұңғы қорапшасы (5-сурет) винтовканың механизмдері мен бөліктерін біріктіруге, ұңғы арнасын жабуды қамтамасыз етуге арналған. Ұңғы қорапшасында соққы ағытқыш және бекітпесі бар жақтау орналасады. Ол үстінен қақпақпен жабылады.

Ұңғы қорапшасының ішінде - бекітпе жабуға арналған ойықтар, оның артқы қабырғалары ұрыстық тіреулер болып табылады, сол жағында жабудың басында бекітпенің алдын ала айналымына арналған қиығы бар дөңес; бекітпе жақтауы мен бекітпенің жылжуын бағыттауға арналған ойықтары бар бүгілмелер; оқсауыт шағылысуына арналған қиықтық



5-сурет. Ұңғы қорапшасы: 1 — бекітпені жабуға арналған ойықтар; 2 — бүгілмелер; 3 — бүгілмелердегі ойықтар; 4 — шағылыстырғыш дөңес; 5 — ұстатқыш; 6 — ұстатқыш өсі; 7 — бекітпе кедергісі; 8 — оқжатар ілмегі үшін ойық; 9 — тежегіш үшін саңылау; 10 — тіркеуішті ойықшалар; 11 — ұңғы қорапшаның қақпағын тұйықтаушы; 12 — тұйықтаушы бекіткіш; 13 — оқжатар үшін терезе; 14 — соққы-ағытқыш механизм үшін терезе; 15 — дүм




6-сурет. Ұңғы қорапшасының қақпағы: 1 — дөңестер; 2 — ойықтар; 3 — сына; 4 — осьті итеруге арналған саңылау; 5 — жартылай шеңбер ойықшасы бар дөңестер; 6 — цилиндрлік дөңес; 7 — серіппелі бекіткіш шағылдырғыш дөңес; соққы-ағытқыш механизм мен серіппелі бекітпе кідірісін орналастыратын ұяны біріктіруге арналған ұстатқыш; оқжатар ілмегі үшін ойық.

Бүйір қабырғаларында - тежегіш үшін саңылау және ұңғы қорапшасының қақпағында тұйықтауышқа арналған саңылау; оң қабырғада — ұңғы қорапшасының қақпағын бекіту үшін екі ойықша; сол жақ қабырғада — оптикалық көздеуішті бекітуге арналған дөңестер; астында — оқжатар мен соққы-ағытқыш механизміне арналған терезелер. Ұңғы қорапшасына дүм бекітілген.

Ұңғы қорапшасының қақпағы (6-сурет). Ұңғы қорапшада орналастырылған механизмдер мен бөліктерді ластанудан сақтайды. Оған қайтармалы механизм орналасқан. Оның алдыңғы жағында — ұңғының төменгі тіреу сақинасына қақпақты бекіту үшін дөңестер; оң жағында -сыртқа лақтыратын оқсауыттың өтуі және қайта оқтау сабының қозғалысы үшін — ойықтар; артқы жағында -сына; бүйір қабырғаларында - саңылаулар: сол жағында -қайтармалы механизм сырғаларының өсі үшін; оң жақта-осы өсьті итеріп шығару үшін саңылаулар.

Сынада қайтармалы механизм сырғасы үшін терезе; қақпақты ұңғы қорапшасына тұйықтағыш көмегімен бекітуге арналған жартылай шеңбер айықшалары бар дөңес; цилиндрлік дөңес, ол сынаның алдыңғы қабырғасымен бірге бекітпенің және артқы шеткі қалыптағы бекітпе жақтау соққысын қабылдайды; қайтармалы механизм сырғасының өсі үшін саңылау және сырға өсінің серіппелі бекіткіші болады.

Механикалық (ашық) көздеуіш (7-сурет) оптикалық көздеуіш бұзылған (істен шыққан) жағдайда қолданылады. Ол көздеуіштен және карауылдан тұрады.




7-сурет. Механикалық (ашық) көздеуіш: 1-көздеу қалыбы; 2 — көздеу қадамасы; 3 — қамытша; 4 —сектор; 5 — тесіктер; 6 — көздеу қадамасының қыры; 7—керттік

Қайтармалы механизм бекітпені бекітпе жақтауымен коса алдыңғы қалыпқа қайтаруға арналған. Ол екі бірдей қайтармалы серіппеден, бағыттаушы тығыннан, бағыттаушы өзек пен өсьті сырғадан тұрады, осылардың көмегімен ұңғы қорапшасы қақпағының сынасына бекітіледі.

Бекітпе жақтауы (8-сурет-а) бекітпе мен соққы-ағытқыш механизмді қозғалысқа келтіруге арналған.


Бекітпе жақтауының ішінде — қайтармалы механизм үшін жоғарғы арна; бекітпе үшін төменгі арна; шағылыстырғыш дөңестің өтуі үшін көлденең саңылау (алғашқы шығарылған винтовкаларда мұндай саңылау жоқ), жеңілдету үшін жасалған екі бүйір арналары; артында — дөңестер; сол жақта артта —автоағытқыш рычагын жіберу (айналым) үшін дөңесі, оң жақта алдында — винтовканы қайта оқтау үшін сап; төменде - бекітпенің жетекші дөңесі орналасатын фигуралы ойық және шүріппе басының өтуі үшін қиықша саңылау болады.



8- сурет. а) Бекітпе жақтауы: 1 — қайтармалы механизм үшін арна; 2 — бекітпе үшін арна; 3 — дөңес; 4 — ұнғы қорапшасының бүгілмелері үшін саңылаулар; 5 — бағыттаушы дөңестер; 6 — автоағытқыш рычагын қайыру үшін дөңестер; 7 — қайта оқтау сабы; 8 — фигуралы ойық; 9 — шүріппе басының өтуі үшін саңылау
 ә) Бекітпе: 1 — бекітпе сүйеніші; 2 — соққыш; 3 — лақтырғыш; 4 — лақтырғыш серіп-песі; 5 — лақтырғыш өсі; 6 — соққыш түйреуіші; 7 — оқсауыт түбі үшін ойық; 8 — лақтырғыш үшін ойық; 9 — ұрыстық дөңестер; 10 — жетекші дөңес; 11 — қиық; 12 — шағылыстырғыш дөңес үшін көлденең саңылау; 13 — лақтырғыш өсі үшін саңылау; 14 — соққыш; 15 — түйреуіш үшін кертпеш; 16 — лақтырғыш ілгегі; 17 — ось үшін ойық

Бекітпе (8-сурет-ә) патронды оқтыққа жіберуге, ұнғы арнасын жабуға, капсюльді бөлшектеуге және оқсауытты (патронды) оқтықтан шығаруға арналған. Ол сүйеніш, соққыш, серіппелі және өсьті лақтырғыш, түйреуіштен тұрады.


Соққы-ағытқыш механизм (9-сурет) шүріппенің автоағытқыш шаппасын түсіруге, жекелей атыс жүргізуді қамтамасыз етуге, атысты тоқтатуға, бекітпе жабылмаған кезде атысты болдырмау және винтовканы тежегішке қоюға арналған.



9-сурет. Соққы-ағытқыш механизм: 1—корпус; 2—шүріппе; 3— ұрыстық серіппе; 4—автоағытқыш; 5—құрықша; 6—ағытқыш ілмек; 7—ағытқыш ілмектің серіппесі; 8—тежегіш тұтка; 9—ағытқыш ілмектің құйрықшасына арналған терезе; 10—ағытқыш ілмектің өсі үшін тесік; 11—құйрықша өсі үшін саңылау; 12—автоағытқыш өсі үшін саңылау; 13—тежегіш өсі үшін саңылау; 14—шүріппе өсі үшін саңылау; 15—ұстатқыш өсі үшін ойықтар; 16—шаппа; 17—автоағытқыш шаппасы; 18—автоағытқыш құрықшасы; 19—автоағытқыш рычагы; 20—құрықша ілгектері; 21— құрықша құйрықшасы; 22—ағытқыш ілгектің тартқышы; 23—өсьтер; 24—оқжатар ілгіші; 25—ағытқыш ілгек серіппесінің ұшы; 26—қалақша шектегіш


Тежегіш (10-сурет) құрықшаны, ағытқыш ілмекті жабуға және бекітпе жақтауының артқы қозғалысын бір уақытта шектеуге арналған, бұл кездейсоқ атуға

жол бермейді, сондай-ақ ұңғы қорапшасына соққы-ағытқыш механизмін бекітуге арналған. Тежегіш өсьтен, ұңғы қорапшасына бекітілген соққы-ағытқыш механизмнен тұрады.



10-сурет. Тежегіш: 1—өсь; 2— өсьтің жуандатылған бөлігі; 3—өсь дөңесі; 4— қалқанша; 5—құрықша құйрықшасы; 6—қалқанша дөңесі; 7— қалқанша шектегіш үшін ойық


Дүм жағы (11-сурет) винтовка жұмысын ыңғайлауға арналған.



11-сурет. Дүм жағы: 1—сап шығатын ілгегі үшін ойық; 3—терезе; 4— тартпа; 5— металл ілмек; 6—жақ; 7— ағаш негіз; 8—жұмсақ толтырғыш; 9—жіп; 10— ілмек; 11—оқтізер ілмегі

Дүмде сап шығатын және қолдың бас бармағы сыятын ойық; бау үшін тартпа мен терезе; металл ілмек; ұңғы қорапшасының қақпағын тұйықтайтын бұрандалы шеге-фиксатор болады. Дүм біріктіргіш қалақша және бұрандалы шеге көмегімен ұңғы қорапшасына біріктіріледі. Дүм жағы тек оптикалық көздеуіштен атыс жүргізу кезінде қолданылады.

Оқжатар (12-сурет) патрондарды орналастыруға және оларды ұңғы қорапшасына беріп тұруға арналған. Ол — корпус, қақпақ, тоқтатқыш тақтайша, серіппе және оқ берушіден тұрады.



12-сурет. Оқжатар: 1—корпус; 2—қақпақ; 3—тоқтатқыш тақтайша; 4—серіппе; 5—оқ


беруші; 6—бүгілмелер; 7— ілмек; 8—тіреу дөңес; 9—оқ беруші дөңес

Оқжатар корпусы оқжатардың барлық бөліктерін біріктіреді. Оның бүйір қабырғаларында патрондарды түсіп қалудан сақтайтын және оқ берушінің көтерілуін шектейтін бүгілмелер және ұңғы қорапшасының терезесіне оқжатардың кіріп кетуін шектейтін дөңестер бар; ал алдыңғы қабырғада - ілмек, артқы қабырғада - оқжатарды ұңғы қорапшасына біріктіретін тіреу дөңесі бар. Корпустың артқы


қабырғасының төменгі жағында оқжатардың патрондармен толық жабдықталғанын анықтауға арналған. Тексеру тесігі бар. Корпус астынан қақпақпен жабылады. Қақпақта тоқтатқыш тақтайша дөңесіне арналған тесік бар. Оқберуші патрондардың оқжатарда шахматты түрде орналасуын імтамасыз етеді және оқжатардан соңғы патрон берілген

кезде бекітпе кідірісін жоғары көтеретін дөңесі болады. Тоқтатқыш тақтайша серіппенің төменгі ұшына бекітілген және өз дөңесі арқылы оқжатар қақпағын орын ауыстырудан сақтайды.

Сүңгі-пышақ (13-сурет) шабуыл алдында мергендік винтовкаға біріктіріліп, қарсыласты қоян-қолтық ұрыста жоюға арналған. Басқа уақытта-ол пышақ қол ара (металл кесу үшін) және қайшы (сымды қию үшін) ретінде қолданылады. Алдын ала сүңгі-пышақты баудан және ілқалы қынаптан босатып алып, жарық бергіш сым темірлерді бір-бірілеп қию керек.



13-сурет. Сүңгі-пышақ: а — ерте шығарылым; ө — соңғы шығарылым. 1—жүзі; 2—сап; 3—кескіш қыр; 4—қол ара; 5— кескіш жиек; 6—тесік; 7— сақина; 8—көлденең ойық; 9— ілмек; 10—тежегіш дөңес; 11— бау үшін тесік; 12—металл ұштық; 13— біріктіргіш бұранда



14-сурет. Қынап. 1—карабиндік алқа; 2—дөңес-өсь; 3—тіреу; 4—резина ұштық; 5—пластмасса корпус; 6—алқа бауымен

Сым темірді қию кезінде сүңгі-пышақ пен қынаптың (14-сурет) металл бетіне қол тигізуге болмайды. Электрленген сым темірлі бөгеттерде сүңгі-пышақ көмегімен өткел жасауға рұқсат етілмейді.

Мергендік винтовканы оқтау үшін оған жабдықталған оқжатарды біріктіріп, тежегішті төмен түсіре (оны "Ату" жағдайына қойған кезде - "0" әрпі көрініп тұруы тиіс), бекітпе жақтауын соңына дейін апарып, жіберу керек. Осылайша винтовка оқталады. Егер бірден оқ атылмаса, онда тежегішті жоғары көтеру қажет (винтовканы тежегішке қойған кезде "П" әрпі көрініп тұруы тиіс).

Оқжатарды біріктіру кезінде оның ілмегі ұңғы қорапшасының ойығына кіреді, ал тіреу дөңес ілмекке ілініп қалады, оқжатар ұңғы қорапшасының терезесінде тұрады.

Тежегішті "Ату" жағдайына қойған кезде қайта оқтау сабының қозғалысы үшін ойық ашылады, ал тежегіш өсінің жуандаған бөлігіндегі ойықтар құрықша құйрықшасы мен қалқанша шектегішке қарсы орналасады (құрықша құйрықшасы мен ағытқыш ілмек босатылады).

Бекітпе жақтауын артқа қарай әкелгенде, ол бекітпенің жетекші дөңесіне фигуралық алдыңғы қиғашымен әсер етіп, бекітпені солға бұрады, бекітпенің ұрыстық дөңестері ұңғылы қорапша ойықтарынан шығады — бекітпе ашылады. Бекітпе жақтауының дөңесі автоағытқыш рычагын босатады, автоағытқыш құрықшасы ұрыстық серіппе әсерімен шүріппенің алдыңғы жағына қысылады. Бекітпе жақтауын одан әрі артқа апарғанда, онымен бірге ұңғы арнасын аша бекітпе шегінеді; қайтармалы серіппе қысылады; шүріппе бекітпе жақтауының дөңесі, ойығындағы қиық әсерімен артқа бұрылады, ұрыстық серіппе айналады; шүріппенің ұрыстық қайырмасы құрықша ілмектің артына өтіп кетеді, ал автоағытқыш шүріппесі автоағытқыш қайырмасынан секіріп кетеді.

Бекітпе жақтауының төменгі жалпақтығы оқжатар терезесінен өте салысымен патрондар оқжатар серіппесі әсерімен оқжатар қабырғаларының бүгілмесіне жоғарғы патрон тірелгенше көтеріледі. Бекітпемен қоса бекітпе жақтауының артқы қалыптағы қозғалысы ұңғы қорапшасының қақпағының сынасымен шектеледі.

Бекітпе жақтауын жібергенде, ол бекітпесімен бірге қайтармалы механизм әсерімен алға жылжиды, бекітпе оқжатардан жоғарғы патронды итеріп шығарып, оны оқтыққа жібереді және ұңғы арнасын жабады. Осыдан кейік бекітпенің оқ беру қозғалысы тоқтайды.

Бекітпе ұңғының оқталатын қиығына келгенде, лактырғыш ілмегі оқсауыттың сақиналы тесігіне кіреді: бекітпе ұңғы қорапшасы дөңесінің қиығын бекітпенің сол жақтағы ұрыс дөңесінің қиығына әсері күшінен бекітпе алғашқы айналым жасайды, ал содан кейін алға жылжыған бекітпе жақтауындағы фигуралық, ойықтың бекітпенің жетекші ойығына әсер етуінен бекітпе бойлық өсінің айналасында оңға бұрылады; бекітпенің ұрыстық дөңестері ұңғы қорашпасының тіреулерінің артына кіреді, бекітпенің жетекші дөңестері бекітпе жақтауының фигуралық ойығының тіке участогіне кіреді - бекітпе жабылады. Бекітпе жақтауы шеттегі алдыңғы жағдайға келгенде өз дөңесімен автоағытқыш рычагын алға және төменге бұрады, шүріппенің автоағытқыш қайырмасынан автоағытқыш құрықшасын шығарады; шүріппе ұрыстық серіппе әсерімен бұрылып, баяулатқыштың ілмегінен шығарылады да, ұрыстық қайырмаға тұрады.

Оқжатардағы патрондар серіппе әсерімен бекітпе жақтауына жоғарғы патрон тірелгенше жоғары қарай көтеріледі.

Винтовканы тежегішке қойғанда, қалқанша қайта оқтау сабы үшін ойықты жабады және бекітпе жақтауы сабының қозғалыс жолында артқы жақта тұрады; өстің жуандаған бөлігі құрықшаның құйрықшасына және қалқанша шектеулігіне қарсы тұрады (ағытқыш ілмек пен құрықшаны жабады).

Атыс жүргізу үшін винтовканы тежегіштен алып, ағытқыш ілмекті басу керек.

Винтовканы тежегіштен алғанда ("Ату" жағдайына ауыстыру) қайта оқтау сабының қозғалысы үшін ойық ашылады және құрықша құйрықшасы мен ағытқыш ілмек босатылады.

Ағытқыш ілмек құйрықшасын басқан кезде ол тартқышпен бірге артқа ауысады; тартқыш ілмегі құрықшаны бұрады да, оның шүріппенің қайырмасымен тіркеуін ағытады. Шүріппе ұрыстық серіппе әсерінен айналады және соққышқа қатты соққы береді. Соққыш патрон капсюлін шапшаң бұзады. Патрон капсюлінің соққыш құрамы тұтанады, оқсауыт түбіндегі саңылау арқылы жалынды ұшқын дәрілі зарядқа енеді де, оны тұтандырады. Атыс жүргізіледі.

Дәрілі газ әсерінен оқ ұңғы арнасында қозғалады; ол газ айдайтын саңылаудан өткен уақытта газдың бір бөлігі осы саңылау арқылы газ камерасына өтуге тырысады да, газ поршенін қысады, ал газ поршені итергішті қысады. Итергіш өз серіппесін қыса отырып, бекітпе жақтауының алдыңғы алаңқайын соғады және бекітпе жақтауын бекітпесімен қоса артқа лақтырады.

Бекітпе жақтауы артқа шегіне отырып, фигуралық ойығының алдыңғы кигашымен бекітпені бойлық өсінің айналасына бұрып, оның ұрыстық дөңестерін ұңғы қорапшасының ойықтарынан шығарады - осылайша бекітпенің ашылуы мен ұңғы арнасының жабылуы жүргізіледі: бекітпе жақтауының дөңесі автоағытқыш рычагын босатады, ал автоағытқыш құрықшасы шүріппенің алдыңғы жазығына косылады. Осы уақытта оқ ұңғы арнасынан ұшып шығады. Газ поршені итергішпен бірге оның серіппесін кездеуіш қалыбына итергіш тетігі жеткенше қысып алға қозғалады. Одан әрі итергіштің сынылған серіппесі итергіш пен газ поршенін газ түтігі кесініне поршень басы толық енгенше апарды.

Бекітпе жақтауы бекітпесімен бірге инерциямен артқа қозғалыс жасайды, лақтырғыш ілгегімен ұстап тұрылған оқсауыт ұңғы қорапшасының шағылдырғыш дөңесіне ұрылып, сыртқа лақтырылады. Механизмдер мен бөлшектердің одан арғы жұмысы шүріппе мен ағытқыш ілмек құрықша, баяулатқыш жұмысын есептемегенде, оқтау кезіндегідей жүргізіледі. Шүріппе айналым соңында ағытқыш ілмектің алдыңғы бөлігіне соғады да, оны төмен түсіреді, құрықшадан ажырайды, сөйтіп автоағытқыш қайырмасына келеді. Ұрыстық серіппенің ұзын ұшының әсерінен құрықша бастапқы қалыпқа, яғни шүріппенің қайырмасына қарсы тұрады.

Келесі атысты жүргізу үшін ағытқыш ілмекті жіберіп, қайта басу қажет. Ағытқыш ілмек жіберілген кезде ол ағытқыш ілмек серіппесінің әсерінен тартқышпен бірге алға жылжиды және тартқыш ілгегі құрықша ұстатқышынан секіріп кетеді, ал ағытқыш ілмекті басқанда құрықша шүріппенің қайырмасымен ілмектеуден шығады да, шүріппені босатады, сөйтіп кезекті атыс жүргізіледі.


Оқжатардағы соңғы патрон атылғаннан кейін, оқ бергіш жоғары көтеріле өз дөңесімен бекітпе тоқтатқышына әсер етеді де, оның серіппесін сыға отырып, ұңғы қорапшасының ұясынан ысырады. Бекітпе жақтауы оқжатардағы барлық патрондардың жұмсалғанын білдіріп, осы қалыпта тоқтайды. Оқжатарды винтовкадан бөлектеу кезінде бекітпе жақтауы бекітпе тоқтатқышында қалады, өйткені бекітпе тоқтатқышының серіппесі қатты қысқандықтан оны босата алмайды. Бекітпе тоқтатқышы өз ұясына түсуі үшін бекітпе жақтауын артқа апару қажет, ал біріктірілген жабдықталған оқжатар кезінде қайта оқтау сабы арқылы біріктірілген жабдықталмаған оқжатар кезінде қайта оқтау сабы арқылы бекітпе жақтауын ұстап тұрып, оқжатар бергішін басу керек.

Атыс кезінде болған кідірісті қайта оқтау арқылы жою керек, ол үшін бекітпе жақтауын сабынан ұстап артқа апарып, босатып, атысты жалғастыру керек.

Мергендік винтовкаға қажетті жабдықтардың құрылысы мен қолданылуы.

Жабдықтар (15-сурет) мерген винтовканы бөлшектеу, жинастыру, тазалау және майлау үшін қызмет етеді. Жабдықтарға: сүмбі, сүрткіш, кірпішек, бұрауыш, түйреуіш, пенал және майлауыш жатады. Майлауыштан басқа жабдықтардың бәрі оптикалық көздеуіш пен оқжатарларға арналған сөмкеде алып жүріледі.

Сүмбі ұңғы арнасы мен винтовканың басқа бөлшектерінің қуысын, арналарын тазалау және майлау үшін қолданылады. Ол бір-біріне бұралатын үш буыннан тұрады.



15-сурет. Винтовка жабдықтары: 1 — сүмбі; 2 — сүрткіш; 3 — кірпішек; 4 — бұрауыш; 5 — түйреуіш; 6 — пенал; 7 — майлауыш

Бір буында сүмбінің пеналмен бірігетін басы, ал екіншісінде — сүрткіш немесе кірпішек бұралып біріктірілетін ойық және шүберек немесе талшық кіргізілетін саңылау бар.

Сүрткіш ұңғы арнасын, сондай-ақ винтовканың басқа да бөлшектерінің қуыстары мен арналарын тазалау және майлауға арналған.

Кірпішек ұңғы арнасын ҰТЕ(РЧС) ерітіндісімен тазалауға арналған.

Бұрауыш винтовканы бөлшектеу және жинастыру, газ түтігі мен газ камерасын тазалау, сонымен бірге қарауылдың биіктік бойынша қалпын реттеу кезінде кілт ретінде қолданылады. Бұрауыштың бүйір жақтарына да газ камералары мен газ түтіктерінен тотықты алып тастау үшін сүйір қырлар бар. Бұрауыштың ұшындағы ойық қарауылды бұрап кіргізуге және бұрап шығаруға, ал ортасындағы саңылау - сап ретінде қолданылатын түйрегішке арналған. Қолдануға ыңғайлы болу үшін бұрауыш пеналдың бүйір саңылауларына кигізіледі.

Түйреуіш осьтер мен екі жағы бүрлі шегелерді итеріп шығаруға арналған.

Пенал сүрткіш, кірпішек, бұрауыш және түйреуішті сақтау үшін қолданылады. Ол қақпақпен жабылады. Пенал винтовканы тазалау және майлау кезінде сүмбі сабы, винтовканы бөлшектеу және жинастыру, газ камерасы мен газ түтігін кезінде бұрауыш сабы, газ түтігін бөлу және сүмбіні жинастыру кезінде кілт ретінде пайдаланылады.

Пеналды сүмбі үшін екі дөңгелек саңылау, бұрауыш үшін екі доғал саңылау, сүмбі буындарын бұрау үшін бүйірінде ойықтар және қақпақ дөңесі үшін ойық болады. Қақпақ ұңғы арнасын тазалау үшін ұңғы томағасы ретінде қолданылады,

сүмбі қозғалысын бағыттау үшін саңылауы және оны пеналда, жалынсөндіргіште ұстап тұратын ішкі дөңестері бар. Майлауыш майды сақтауға арналған.


Мергендік винтовканың бөліктері мен механизмдері оны дұрыс ұстаған және қажетті күтім жасаған кезде ұзақ уақыт бойы сенімді әрі тоқтаусыз жұмыс істейді. Алайда механизмдердің ластануы, бөліктердің тозуы және винтовканы ұқыпсыз ұстау нәтижесінде, сондай-ақ патрондардың ақаулығынан атыс кезінде кідірістер болуы мүмкін.

2. Мергендік винтовканы жартылай бөлшектеу мен жинастыру реті.

Мергендік винтовканы бөлшектеу жартылай және толықтай болуы мүмкін. Жартылай — винтовканы тазалау, майлау және тексеру үшін; толықтай — винтовка өте қатты ластанғанда тазалау, қар немесе жаңбыр астында қалғанда, жаңалап майлау өткізуге және жөндеу кезінде жүргізіледі. Винтовканы жиі бөлшектеуге тыйым салынады, өйткені бұл бөліктер мен механизмдердің тозуын тездетеді. Винтовканы бөлшектеу мен жинастыруды үстел немесе таза төсеніш үстінде жүргізу керек: бөліктер мен механизмдерді ретімен қойып, олармен сақтықпен жұмыс істеу қажет, бір бөлікті екінші бөліктің үстіне қоюға болмайды, артық күш және кенет сокқы жасамау керек. Винтовканы жинастыру кезінде оның бөлшектеріндегі нөмірлерді салыстыру керек: ұңғы қорапшасындағы нөмірге бекітпе жақтауындағы, сокқы-ағытқыш механизмдегі, ұңғы қорапшасының қақпағындағы, оптикалық көздеуіштегі және винтовканың басқа бөліктеріндегі нөмірлер сәйкес келуі тиіс.

Мергендік винтовканы жартылай бөлшектеу реті

1) Оқжатарды бөлшектеу. Оқжатарды оң қолға алып, бас бармақпен ілмекті басып тұрып (16-сурет), оқжатардың төменгі бөлігін алға беріп, оны бөлшектеу керек. Содан кейін оқтықта патронның бар-жоқтығын тексеру қажет, ол үшін тежегішті төмен түсіріп, қайта оқтау, сабын артқа беріп, оқтықты тексеріп, сабын жіберу керек.



16-сурет. Оқжатарды бөлшектеу

2) Оптикалық көздеуішті бөлшектеу. Қыспалы бұранда тұтқасын көтере, оны көз қалқанына қарай соңына дейін бұру керек (17-сурет); кездеуішті артқа жылжытып, оны ұңғы қорапшасынан бөлшектеу керек.




17-сурет. Оптикалық көздеуішті бөлшектеу.

3) Дүм жағын бөлшектеу. Жақ құлыбы ілмегін төмен бұру керек (18-сурет); оқтізер ілгегінен тұзақты түсіріп, жақты бөлшектеу қажет.



18-сурет. Дүм жағын бөлшектеу


4) Қайтармалы механизмі бар ұңғы қорапшасының қақпағын бөлшектеу. Ұңғы қорапшасы қақпағының түйіштің ағышын бекіткішке қойылғанынша артқа бұру керек; ұңғы қорапшасының артқы бөлігін жоғары көтеріл, қайтармалы механизммен



бірге қақпағын бөлшектеу керек

19-сурет. Қайтармалы механизмі бар ұңғы қорапшасының қақпағын бөлшектеу

5) Бекітпе жақтауын бекітпесімен бөлшектеу. Бекітпе жақтауын соңына дейін артқа апарып, оны көтеріп, ұңғы қорапшасынан бөлшектеу керек. (20-сурет, а)



20-сурет.

а

ә


6) Бекітпені бекітпе жақтауынан бөлшектеу. Бекітпені артқа апару қажет; оны бекітпе жақтауының фигуралы ойығынан шығатындай етіп бұрып, бекітпені алға шығару керек (20-сурет, ә).

7) Соққы-ағытқыш механизмін бөлшектеу. Тежегішті тік жағдайға дейін жоғары бұрып (21-сурет, а), оңға жылжытып және ағытқыш тұткадан ұстап тұрып (21-сурет, ә), ұңғы қорапшасынан бөлшектеу керек, төмен қарай қозғап, ұңғы қорапшасынан соққы ағытқыш механизмді бөлшектеу қажет.




21-сурет. Соққы-ағытқыш механизмді бөлшектеу а) тежегішті бөлшектеу; ө) соққы-ағытқыш механизмді бөлшектеу

8) Ұңғы жабуын бөлшектеу. Жоғарғы тіреу сақинасының тұйықтағышын сақина ойығынан тұйықтағыш бүгілмесі шыққанша газ түтігіне қысу керек және тұйықтағышты оңға қарай соңына дейін бұрау қажет (22-сурет, а); жоғарғы тіреу сақинасының ауыспалы бөлігін алға жылжыту керек; ұңғы жабуын төмен қарай қозғалтып, қыса, оны бір жағына апарып, ұңғыдан бөлшектеу керек. Ұңғы жабуын бөлшектеуде қиыншылық туса, пенал кілтінің ойығын жабу терезесіне кіргізіп қойып, төмен және жанына қарай қозғалта отырып, ұңғы жабуын бөлшектеу керек(22-сурет,ө)



22-сурет. Ұңғы жабуын бөлшектеу: а — тұйықтағышты; ө — ұңғы жабуын бөлшектеу

9) Серіппелі итергіш пен газ поршенін бөлшектеу. Итергішті артқа апарып, оның алдыңғы ұшын поршень ұясынан шығарып, газ түтігінен поршеньді бөлшектеу керек (23-сурет, а) итергіштің алдын ұшын газ түтігіне кіргізу қажет; итергіш серіппесін көздеу қалыбы арнасынан шыққанша басып тұрып (23-сурет, ө), серіппесі итергішті бөлшектеу керек, содан кейін серіппені итергіштен бөлшектеу қажет.



23-сурет. Газ поршені мен серіппелі итергішті бөлшектеу: а — газ поршенін бөлшектеу;

ө — итергішті бөлшектеу

Мергендік винтовканы жартылай бөлшектеуден кейінгі жинастыру реті

1) Газ поршені мен серіппелі итергішті біріктіру.

Серіппелі итергіштің артқы ұшына кигізу керек; итергіштің алдыңғы ұшын газ түтігіне кіргізіп, серіппені қысып, серіппелі итергіштің артқы ұшын көздеу қалыбы арнасына кіргізу керек, итергішті артқа апарып, оның алдыңғы ұшын газ түтігінен бір жағына шығару керек; газ поршенін газ түтігіне, ал итергіштің алғы ұшын поршень ұясына кіргізіп қою қажет.

2) Ұңғы жабуын біріктіру. Оң ұңғы жабуының артқы кеңейтілген ұшын төменгі тіреу сақинасына, жабу ойығын көздеуішке кіргізу керек те, жабуды төмен қарай баса отырып, оны ұңғыға жалғастыру қажет; жоғарғы тіреу сақинасының ауыспалы бөлігін жабу ұштықтарына жылжытып, жоғарғы тіреу сақина тұйықтағышын газ түтігінің бүгілмесін оның сақинадағы ойыққа кіргенше бұраймыз.

3) Соққы-ағытқыш механизмін біріктіру. Соққы-ағытқыш механизм корпустарының ойықтарын ұңғы қорапшасының ұстатқыш өсінің артына кіргізіп, соққы ағытқыш механизмді ұңғы қорапшаны қысу керек; тежегіш өсін ұңғы қорапшасы саңылауына кіргізу керек; тежегішті тік қалыпқа бұрып, ұңғы қорапшасына қысып, қалқанша дөңесі ұңғы қорапшасының төменгі белгілеуші қуысына кіргенше төмен қарай бұраймыз.

4) Бекітпені бекітпе жақтауына біріктіру. Бекітпенің цилиндрлі бөлігін бекітпе жақтауының арнасына енгіземіз; бекітпені бекітпе жақтауының фигуралы ойығына жетекші дөңесімен кіретіндей етіп бұру керек және бекітпені алға қарай, соңына дейін жылжыту қажет.

5) Бекітпе жақтауын бекітпесімен біріктіру. Бекітпені ұңғы қорапшасының алдыңғы бүгілмесінде ұстап тұрып, бекітпе жақтауын ұңғы қорапшасы жай ғана қысып, алға қарай соңына дейін жылжыту қажет.

6) Қайтармалы механизм мен ұңғы қорапшасының қақпағын біріктіру. Қайтармалы механизмді бекітпе жақтауының арнасына кіргізу керек, қайтармалы серіппені қысып тұрып, қақпақтың алдыңғы бөлігіндегі дөңестерді төменгі тіреу сақинасындағы ойықтарға кіргізу керек, қақпақтың артқы ұшын ұңғы қорапшасына толық жабысқанша басу керек; ұңғы қорапшасының тұйықтағышын фиксаторға қойылғанша алға бұрау керек.

7) Дүм жағын біріктіру. Жақтың ілмегі оң жақтағы оймаққа қарсы етіп, дүмінің жоғарғы бөлігіне жатқызу керек, оқтізердің ілмегіне жіпті іліп, ілмекті жоғары бұру керек.

8) Оптикалық көздеуішті біріктіру. Көздеуіш тіреуіштегі тесіктерді ұңғы қорапшасының сол жақ қабырғасындағы дөңестермен біріктіру керек; көздеуішті алға қарай соңына дейін жылжытып, қыспалы бұранда тұтқасын объектив жаққа қарай кронштейндегі ойыққа бүгілмесі кіргенше бұрау керек.

9) Оқжатарды біріктіру. Ұңғы қорапшасының терезесіне оқжатар ілмегін кіргізіп, оқжатардың тіреу дөңесінен ілмек секіріп кететіндей етіп оқжатарды бұрау керек.

3. Көздегіштің құрылысы. Атысқа дайындалу және мергендік винтовкадан қалыпты ұрысты жүргізу

Мергендік винтовкадан ату жергілікті жер сипаты мен қарсыластың атысына байланысты жату, отыру, тізерлеу және тұру жағдайларында жүргізілуі мүмкін.


Ұрыс жағдайларында мерген ату орнын командир пәрмендері бойынша немесе өз бетімен иеленіп, жабдықтайды. Ол үшін ең жақсы шолу мен атқылауды қамтамасыз ететін, қарсыластың атысы мен бақылауынан мергеннің тасалануына мүмкіндік беретін, ату тәсілдерін орындауға ыңғайлы және қарсыласты бір рет атқанда жоюға ыңғайлы орын таңдау керек. Жағдайға байланысты ату орны оқпанада снарядтан қорғану шұңқырларында, орларда, тастар мен кесілген томарлардың арт жағында және т.б. таңдалынып алынады. Елді мекендерде ату үшін орын ретінде ғимараттар терезесі, шатыр, құрылыс іргетасы және т.б. таңдалынуы мүмкін.

Атыс жүргізу үшін айрықша көрінетін жергілікті жекеленген заттарға жақын орынды, сондай-ақ қырат жоталарды таңдауға болмайды.

Атыс жүргізуге орын иемдену үшін, мысалы: **"Мынадай мерген, атыс орны ана жерде — ұрысқа!"** пәрмені беріледі. Бұл пәрмен бойынша мерген жергілікті жер жағдайын ескере отырып, көрсетілген орынды иемденіп, атысқа дайындалады. Шұғыл атыс жүргізу үшін винтовкаға оптикалық көздеуішті қосып алып жүреді.

Атыс орнын ауыстыру үшін, мысалы, мынадай пәрмен беріледі: **"Мынадай мерген, ана жаққа жүгіріп барсын — алға!"** Мерген орын ауыстыру кезінде ату үшін жаңа орынға жылжу жолын, аялдау үшін жолдың тасаланған учаскелерін және егер пәрменде көрсетілмесе, онда жылжу тәсілдерін белгілеп алады. Жылжу алдында винтовка тежегішке қойылады.

Жергілікті жер сипаты мен тасалар болуына байланысты мерген жүгіре, шапшаңдатылған адыммен, жүгіре өтіп немесе жер бауырлай жылжиды.



24-сурет. Жер бауырлай жылжу кезінде винтовканы ұстау әдісі

Жүгіре, шапшаңдатылған адым және жүгіре өту кезінде винтовканы ыңғайлылығына қарай бір немесе екі қолмен ұстауға болады. Жер бауырлай жылжу кезінде винтовканы оң қолмен үстіңгі қазықша бекітілген баудан немесе ұңғы жабуышан ұстайды (24 -сурет).

Ұрыстағы атыс міндетін дұрыс орындау үшін мерген винтовкадан ату тәсілдерін жетік білуі, атыстың барлық тәсілдерін ұрыс алаңына бақылау жасауды тоқтатпай, дәл де шапшаң орындай білуі керек.

Әрбір мерген атыс тәсілдерін орындаудың жалпы ережелерін басшылыққа ала отырып, өзінің жеке ерекшеліктерін ескеріп, атысты нәтижелі жүргізу үшін басын, денесін, қолы мен аяғын оңтайлы, тұрақты және бір жаққа қоюы керек.


Мергендік винтовкадан ату: атысқа дайындықтан, атыс жүргізу мен атысты тоқтатудан тұрады.

Атысқа дайындалу

Мерген атысқа пәрмен бойынша немесе өз бетімен ыңғайланады. Жаттығу сабақтарында атысқа ыңғайлану үшін пәрмендер бөліп-бөліп берілуі мүмкін, мысалы: "Атыс шебіне — адым — **бас!**", содан соң: "Оқта!" Егер қажет болса: "Оқта!" пәрменінің алдында ату үшін тәсіл көрсетіледі.

Атысқа ыңғайлану атыс жүргізу үшін жағдайды анықтау мен винтовканы оқтаудан тұрады. Сонымен қатар, мерген атыс жүргізу үшін жағдай тандау кезінде оптикалық көздеуіштің қапшығын шешіп, оны оптикалық көздеуіш пен оқжатарға арналған сөмкеге салады, сондай-ақ объективтің резина қақпағын ашып, оны батареяға арналған корпусқа кигізеді; қолайсыз ауа райында және алдынан күн сәулесі түсіп тұрғанда бленданы алға жылжытады.

Жатып атуға орналасу кезінде оң қолды бау бойымен біраз жоғары созамыз да, винтовканы иықтан түсіре, оны сол қолмен ұңғы жабуынан ұстап, содан соң оң қолмен



25-сурет. Жатып атуға орналасу: а — мерген сол жақ тізесі мен сол қолына тіреледі; б — винтовка сол қолмен ұңғы жабуынан ұсталынады винтовканы ұңғы жағымен алға қаратып ұстайды; бұнымен бір мезгілде оң аяқпен алға және біраз оң жаққа қарай толық адым жасалады. Алға қарай еңкейе, сол аяқпен тізерлейміз де, сол қолды жерге, саусақтарды оңға қаратып қоямыз (25, а-сурет).

Содан соң сол аяқ жамбасы мен сол қол білегіне алма-кезек тіреліп, оң жақ бүйірге жату керек, аяқтың ұштарын сыртқа қарата созып, етбетімен тездетіп жата қалу керек; винтовканы сол қолдың алақанымен ұңғы жабуынан ұстау керек (25, б-сурет).

Тізерлеп атуға орналасу үшін винтовканы ауыз жағымен алға қаратып, оң қолмен ұңғы жабуларынан ұстап, сонымен бірге оң аяқты артқа жіберіп, тізерлей өкшеге отыру керек, бұл жағдайда оң аяқ жіліншегі — тік, ал жамбас — тік бұрыш жасау керек. Винтовканы ұңғы жабуымен сол қолға, оны нысанаға қарата бағыттай отырып ауыстырады (26-сурет).



26-сурет. Тізерлей ату жағдайы

Отырып ату жағдайында винтовканы ұңғы жағымен алға қарата, ұңғы жабуынан ұстап оң қолға алу керек. Сонымен бір мезгілде сол қолға тіреле нысана бағытына қарай бір қырынмен өкшемен жерді тіреп (27, а-сурет) немесе аяқты айқастыра

молдас құрып, жерге отырамыз (27, ә-сурет); сол қолды сол аяқтың санына қоямыз және сол қолмен винтовканы ұңғы жабуынан ұстаймыз.



27-сурет. Отырып ату жағдайы: а — жерге өкшені тіреп; ә — аяқты астына жинап молдас құрып отыру.

Тұрып атуға орналасу үшін нысана бағытына қарай бір қырындап оң жаққа бұрыламыз да, сол аяқты иық кеңдігіне алшақтайды. Мерген өзіне ыңғайлылық тудыру үшін дене салмағын екі аяққа бірдей бөлуі қажет. (28сурет)



28-сурет. Тұрып ату жағдайы

Винтовканы иықтан түсіреміз де, оны сол қолмен ұңғы жабуынан ұстап, ұңғы жағымен алға, нысанаға қаратамыз. Тұрып ату үшін винтовканы оқтау:


- винтовкаға патрондармен жабдықталған оқжатарды біріктіру;
- винтовканы тежегіштен алу;
- бекітпе жақтауын қайта оқтау үшін сабынан ұстап тұрып, артқа қарай соңына дейін жібереміз де, оны қайта босатамыз;
- егер атыс дереу басталмаса немесе: "Ат!" пәрмені берілмесе, онда винтовканы тежегішке қою керек.

Атысты жүргізу

Винтовкадан атыс пәрмен бойынша немесе қойылған міндеттер мен жағдайға байланысты өз бетінше жүргізіледі.

Атыс жүргізуге берілетін пәрменде: мергеннің аты-жөні, нысана, көздеуіш, бүйірлік түзеткіші мен көздеу нүктесі көрсетіледі: **"Мерген Қасымовқа, пулемет бойынша — бес, солға — бір, нысанаға — ат!"**

Көздеуіш, бүйірлік түзеткіші мен көздеу нүктесі мергенге атап көрсетілмеуі де мүмкін, мысалы: **"Мерген Мұратовқа, атыс ойығы бойынша — ат!"** Бұл кезде мерген өз бетінше анықталған қондырғылар бойынша атыс жүргізеді.



29-сурет. Көздеуішті қою және бүйірлік түзеткішті енгізу: а — көздеуішті қою; ә — бүйірлік түзеткішті енгізу


Атыс жүргізуге: көздеуішті қою, бүйірлік көрсеткішті енгізу, дүмді, көздеуішті қалыпқа келтіріп, ұрыстық қайырмадағы шүріппені ағыту енеді.

Көздеуішті қою мен оптикалық көздеуіштің бүйірлік түзеткішін енгізу үшін винтовканы өзіне, бұрама шкаласының бөлінісін жақсырақ көру үшін жақындатады: жоғарғы бұраманы айналдыра отырып, көздеуіштің қажет бөлінісін көрсеткішке қарсы қояды (29,а-сурет); бүйірлік бұраманы айналдыра отырып, көрсеткішке қарсы бүйірлік түзеткіш шкаласының талап етілген бөлінісіне қояды (29,ә-сурет).

Бүйірлік түзеткішті енгізу кезінде: оңға түсудің орташа нүктесіне қою үшін қара санды шкаланы, оны солға бұру үшін қызыл санды шкаланы қолданады.

Ашық көздеуішті қою кезінде винтовканы өзіне жақындатып, үлкен және сұқ саусақпен қамыт ілгешегін қысып, оны көздеуіш тақтайшасы бойымен алға, оның алдыңғы шеті көздеуіш тақтайшасының керекті бөлінісіне жеткенше жылжытады.

Винтовканы қою үшін оны тежегіштен алып тастау керек (егер ол тежегішке қойылса), ол үшін сол қолмен ұңғы жабуынан (30,а- сурет) немесе оқжатардан (30,ә - сурет), ал оң қолмен дүмді ұстап, нысананы көз алдынан жоғалтпай, винтовканың дүмін артқы иыққа толық тіреу керек; басты алға иіп, мойынға көп күш түсірмей, оң бетгі дүм жағына тигізу қажет; оң қолдың сұқ саусағын шүріппеге салу керек.




30-сурет. Жатып ату кезінде винтовканы ұстау әдістері: а — ұңғы жабуынан ұстау; ә — оқжатардан ұстау

Шынтақты қою:

- тізерлеп ату кезінде сол қол шынтағы, сол аяқ тізесінің етті жеріне немесе одан біраз жылжытып қою керек. Ал, оң қол шынтағын иық кеңдігіне мөлшерлеп қоямыз (31,а-сурет);
- тұрып ату кезінде оң қол шынтағын иық кеңдігіне мөлшерлеп көтеру керек (31,ә-сурет);
- отырып ату кезінде екі қол шынтақтарын немесе егер мергенге ыңғайлы болатын болса, тізеден түсіре қою керек (31,б-сурет).


Егер винтовканы иық кеңдігінде ұстап тұру үшін атыс кезінде бау қолданылатын болса, бауды сол қол саусақтарының астына, ол оны ұңғы жабуына қысып тұратындай етіп орналастыру керек (32-сурет).



31-сурет. Тізерлеп, тұрып және отырып ату кезінде винтовканы ұстау әдістері: а — тізерлеп; ө — оқпанадан тыс тұрып; б — отырып



32-сурет. Бау көмегімен винтовканы ұстау әдісі




33-сурет.

Оптикалық көздеуіштің көмегімен көздеу жүргізу үшін оң көзді көздеуіштің оптикалық өсінің бойымен көз қалқанында ұстау керек, ал сол көзді қысуға болады; шынтақты ауыстыра отырып, егер қажет болса, дене мен аяқты көздеу нүктесіндегі тор бұрышының ұшына келтіру керек дәл осы сәтте, оң қолдың сұқ саусағының алғашқы буынымен ағытқыш ілмекті түзету шкаласы көлденең орналасуы керек және мерген көздеуіш маңындағының бәрін көруі керек(33-сурет).

Егер мергеннің көзі оптикалық өсьтен жоғары не төмен жаққа ауысқан болса, көз бағытталған көздеуіштің көру алаңында ай тәрізді көлеңке пайда болады. Ай тәрізді көлеңке болған жағдайда оқ көлеңкеге қарсы жаққа ауытқиды (34-сурет).

Ашық көздеуіштің көмегімен көздеу кезінде сол көзді қысып, ал оң көзбен көздеуіш тақтайшасының ойығы арқылы қарауылдың төбесіне қарауыл көздеуіш ойығының ортасында, ал оның ұшы көздеуіш тақтайшасындағы белгілердің үстіңгі шетімен бірдей болатындай оптикалық етіп қарау керек, яғни "тегіс қарауылға" көздеуішті қолданып алу керек; "тегіс қарауылды" көздеуіш көздеу сызбасы нүктесіне келтіріп, онымен бір кезде ағытқыш шүріппені басу керек.

Көздеу кезінде көздеуіш тақтайшасы көлденең жағдайда тұруын бақылау керек.



34-сурет. Көздеу кезіндегі мүмкін қателер: 1 — көз окулярдан 68 мм алыстаған (дұрыс); 2 — көз окулярға жақын орналасқан (көздеуіштің көру алаңында көлеңке көрініп тұр); 3 — көз окулярдан алыс орналасқан (көздеуіштің көру алаңында көлеңке көрініп тұр); 4 —

көз көздеуіштің оптикалық өсі жалғасында 68 мм алыс орналасқан (көлеңке жоқ — ойылмалар нысана ортасына орналасады); 5 — көз көздеуіштің оптикалық өсінен жоғары (төмен) орналасқан (ай тәріздес жартылай көлеңке жоғарыда (төменде) — ойылмалар нысанадан төмен (жоғары) орналасады); 6 — көз көздеуіштің оптикалық өсінен солға (оңға) қарай орналасқан (ай тәріздес жартылай көлеңке сол жақтан (оң жақтан) — ойылмалар нысанадан оңға (солға) қарай орналасады)

Шүріппені ағыту үшін демді ішке тартып, мергенге байқалмай ұрыстық қайырмадан шүрііше шығып кеткенше, яғни атыс болмайынша, ағытқыш шүріппені жайлап баса беру керек.


Егер көздеу кезінде тор бұрышы "тегіс қарауыл" көздеу нүктесімен едәуір ауытқыған болса немесе көз алдында ай тәрізді көлеңке пайда болса, онда ағытқыш шүріішені басуды тоқтатпастан, көздеуді нақтылай түсіп, атыс болмайынша, ағытқыш шүрііпке түсетін қысымды күшейте түсу керек.

Шүріппені ағыту кезінде тор бұрышының (тегіс қарауылдың) жеңіл тербелісіне мән бермеу керек. Тор бұрышы көздеу нүктесіне дәл келген сәтте шүріппені басып қалуға ұмтылу, әдетте, шүріппені қозғап жіберіп, атыстың дәл болмауына әкеп соғады. Егер мерген, шүріппені басқанда, дем алмау мүмкіндігін сезсе, онда ол шүріппені басуды күшейтпестен де, бәсендетпестен, дем

алуды қалпына келтіріп, содан кейін демді шығармастан, көздеуін нақтылап алып, шүріппені басуды жалғастыруы керек.

Тасадан тірей ату тәсілдері

Тірей ату дәлдігін арттыру үшін қолданылады. Мерген атысқа ыңғайлана отырып, тіреуді атыс жүргізуге неғұрлым оңтайлы болатындай етіп орналастыру керек. Тіреу қандай ыңғайлы болса, атыс нәтижесі де сондай жақсы болады.




35-сурет. Винтовканы сол қолға ұстап, тірей ату кезіндегі жардайлар: а — ұңғы жабуынан; ө — оқжатардан; б — дүмнен

Таса қарсыластың бақылауын қиындату және оның атысынан қорғану үшін қолданылады. Атыс жағдайына орналасу және атыс дәлдігін арттыру мақсатында мерген тасаны денесіне тіреу болу үшін және кей жағдайда (бүйір жағында шығыңқы не ойықтар болғанда) қаруды тіреу үшін қолданылады.


Тірей ату үшін винтовканы ұңғы жабуымен тіреуге арналған сол қолдың алақанына қойып, ал оң қолмен винтовканы ұңғының алдыңғы жағынан (35,а-сурет) немесе винтовканы ұңғы жабуымен тіреуге қойып, оны сол қолмен оқжатардан (35,ө-сурет) немесе сол қолмен дүмнің төменгі жағынан ұстайды(35,б-сурет). Қатты тіреуді жұмсарту үшін плащ-палаткаға оралған шым топырақпен, шинель орамымен және т.б. жабады.

Ағаш тасасынан, ғимарат бұрышынан және басқа тасалардан ату үпін тасаға мерген қарсылас атысынан қорғанатындай етіп сүйенуі керек; винтовканы тасадан тыс жерден атыс жүргізетіндей етіп ұстау керек (36-сурет).



36-сурет. Тасадан ату жағдайлары: а — жатып; ө — тұрып


Оқпанадан немесе ордан атыс жүргізу үшін денемен оқпанаға сүйеніп, қос қолдың шынтактарын жерге тіреп, ұңғыны иыққа қысу керек; мұндайда атысты тіреуден жүргізуге де, қолмен жүргізуге де болады (37-сурет).



37-сурет. Оқпанадан ату жағдайы


Әуедегі нысаналарды ату тәсілдері

Ашық жерде мергендік винтовкадан әуе нысаналарын ату жатып, тізерлей және тұру жағдайында жүргізіледі (38-сурет).



38-сурет. Әуе нысаналарын ату жағдайлары: а — тізерлей; ө — тұрып; б — жатып Жергілікті заттар артынан ату үшін мүмкіндігіне қарай оны тіреу ретінде пайдалануға болады.

Әуе нысаналарын оқпанадан (ордан) ату үшін сол қолдың білегімен оқжатарды оқпананың алдыңғы қырына тіреп (39,а-сурет) немесе арқаны оқпананың артқы қырына және сол аяғын оқпананың алдыңғы қырына тіреп (39,ә-сурет) атады.



39-сурет. Әуе нысаналарын ордан ату жағдайлары:

а — оқжатарды ордың алдыңғы қырына тіреу; ә — тіреуді пайдаланбай ату

Атысты тоқтату

Атысты тоқтату уақытша немесе толық болуы мүмкін. Атысты уақытша тоқтату кезінде: "Тұр!" немесе "Атысты тоқтат!" пәрмені беріледі. Мерген осы пәрмен бойынша ағытқыш ілмекті басуын тоқтатып, винтовканы тежегішке қояды және қажет болса, оқжатарды ауыстырады.

Оқжатарды ауыстыру үшін оны винтовкадан бөліп алып, жарақталған оқжатарға қосу керек. Егер оқжатардағы барлық патрондар шығындалған болса,

онда винтовка жарақталған оқжатарға қосылған соң, бекітпе жақтауын қайта жарақтау тұтқасынан кері шегеріп, босату керек және винтовканы тежегішке қойған жөн.


Атысты толықтай тоқтату үшін: **"Түр!"** немесе **"Атысты тоқтат!"** пәрмендерінен соң, **"Оғын ал!"** пәрмені беріледі. Бұл пәрмен бойынша мерген үстіңгі және төменгі бұрамаларды "0"-ге қойып (көздеуіш қамытын шегіне дейін беріп, көздеуішті "П"-ға қою керек), винтовканың оғын алып, әрі қарай жағдайға сәйкес қимылдау керек.

Жатып ату кезінде мерген винтовканы ұңғы жабуынан оң қолмен ұстап, дүмді жерге босатып, ұңғы бөлігін сол қолдың білегіне қою керек. Оқпанадан ату кезінде винтовканың оғы алынған соң, оқпананың топырақ қалқасына қайта оқтау тұтқасын төмен қарата қоюға болады (оптикалық көздеуішті жоғары қарата). Егер дереу оқ ату көзделмесе, онда бленданы орнына қойып, объективке қалпақ, көздеуішке қап кигізу керек немесе оптикалық кездеуішті винтовкадан алып, сөмкеге салу керек.

Винтовканың оғын алу үшін:


- оқжатарды бөлу керек;
- винтовканы тежегіштен алу керек;
- бекітпе жақтауын қайта оқтау тұтқасынан жайлап кері шегіндіріп, оқтықтан патрондарды алып, бекітпе жақтауын түсіру керек;
- ағытқыш ілмекті басу (шүріппені ұрыстық қайырмадан түсіру) керек;
- винтовканы тежегішке қойып, винтовканы бауынан ұстау керек (егер атыс түрегеп тұрып жүргізілген болса), ал атыс жатып немесе тізерлей жүргізілген болса, жерге қою керек;
- оқжатардан патрондарды алып, оны винтовкаға қосу керек;
- оқтықтан алынған патрондарды іріктеу керек.

Патрондарды оқжатардан шығару үшін, патрондарды жоғары қаратып, оқтарын өзінен сыртқа қаратып оқжатарды сол қолға ұстау керек, оң қолмен оқсауыттың көмегімен патрондарды біртіндеп өзінен сыртқа қарай оқжатардан итеріп шығару керек (40-сурет).



40-сурет. Оқжатардан патрондарды итеріп шығару

Жатып ату жағдайында атыстан кейін тұру үшін екі қолды кеуде тұсына тартып, винтовканы оң қолмен ұңғы жабуынан ұстап тұру керек, сонымен бірге екі аяқты бір-біріне қосып (41,а-сурет) қолды дереу түзетіп, кеудені жерден көтереміз де, оң (сол) аяқты алға қарай шығарып (41,ө-сурет) дереу тұрып, егер керек болса, қозғалысты бастау қажет.



41-сурет. "Тұр!" пәрменінің орындалуы: а — мергеннің тұру алдындағы жағдайы; ө — мергеннің тұру кезіндегі жағдайы
Винтовканың оғын алғаннан кейін егер керек болса жетекші: "Қаруды көрсет!" пәрменін береді.



42-сурет. Түрегеп тұрып тексеруге мергендік винтовканы дайындау

Бұл пәрмен бойынша орындалатындар:

— жату жағдайында: оқжатарды бөлектеу және оны винтовканың жанына оқ берушіні өзіне қаратып қою, винтовканы тежегіштен түсіріп, бекітпе рамасын артқа жылжытамыз да, винтовканы біршама солға қарай бұрамыз; жетекші оқтық пен оқжатарды тексерген соң бекітпе рамасын алға босатамыз, шүріппені қайырмадан түсіріп (ағытқыш ілмекке басу), винтовканы тежегішке қоямыз, оқжатарды винтовкаға біріктіреміз;

"Бауға" күйіндегі винтовкамен тұрып ату жағдайында: тұрып ату жағдайын қабылдау керек; винтовканы сол қолмен ұңғы жабуынан ұстап, он қолмен оқжатарды бөлектейміз де, оқ берушісін жоғары, дөңес жағымен өзіне қарата ұстап оны сол қолға ауыстырамыз, сол қолдың саусақтарымен оқжатарды ұңғы жабуына қысамыз; винтовканы тежегіштен аламыз және бекітпе жақтауын артқа қарай жылжытамыз (42-сурет). Жетекші оқтық пен оқжатарды тексерген соң, бекітпе жақтауын алға түсіріп, шүріппені ұрыстық қайырмадан алып (ағытқыш ілмекті басу), винтовканы тежегішке қойып, оқжатарды біріктіріп, винтовканы "бауға" жағдайында алу керек.